

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 316 (2017), 260 – 266

UDC 82-1/-9

Ph.D., Associate Professor B.S. Abjet, GSR Research Institute of Turkology,
PhD doctoral student M.B. Shaykhystamova,
JSR Research Institute of Turkology,
International Kazakh-Turkish university of H. A. Yasavi
83_malika@mail.ru

DEVELOPMENT OF THE GENRE OF SAGI IN TURKISH PEOPLE
AND ITS IMPACT ON GENRE OF ARCHAIC EPOS

Abstract. The article describes the rapidly spreading in its time widespread heroic genre among the ancient Turkish people, who recently switched to the genre of the Eastern saga slowed down its development. It is about the influence of developed Arab and Persian literature in the Turkish peoples, adapted to a settled way of life. For example, legends about fairies, giants or dragons must be found in the legends of the Uzbek people. Heroes of the heroes conquer them and restore peace in the state. It can also be noted that in the Kazakh epic heroes are fighting real batyrs, and in Uzbeks they are fighting with mythical characters. Often found among the Turkish peoples, the legend of "Korula" also has its origin in the Tajik people. Coming to the Kazakhs through Central Asia, this poetry has retained mythical characters. In the Kazakh version of this legend, such subjects as the struggle of the protagonist with the giant, the help of the fairies are very similar, that is, the motives corresponding to the Turkish and Iranian tales are delving into. Data are given on the influence of handwritten literature on the oral.

Key words: Turkish peoples, saga, archaic epic, genre, mythical character, East, West, Central Asia, poem, folklore.

ӘОЖ 82-1/-9

Б.С.Әбжет¹, М.Б.Шайхыстамова²

¹Ф.ғ.к., доцент, Түркология ҒЗИ-ның жетекші ғылыми қызметкері;

²PhD докторант, Түркология ҒЗИ-ның кіші ғылыми қызметкері
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДА ҚИССА ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ АРХАИКАЛЫҚ ЭПОС ЖАНРЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Аннотация. Мақалада байырғы түркі жұртында кең дамыған қаһармандық эпос жанрының кейінгі кезде Шығыстық қисса жанрының келуімен бұрынғы қарқынды дамуының тежеуге ұшырай бастағандығы туралы баяндалады. Отырықшылыққа бейімделген түркі халықтарына дамыған араб және парсы әдебиетінің әсері болғандығы жайлы сөз қозғайды. Мысалы, өзбек халқының дастандарында міндетті түрде пері, дәу немесе айдаһар кездесіп отырады. Батыр соларды жеңіп елге тыныштық орнатады. Қазақ эпосында батыр шынайы батырлармен соғысып жүрсе, өзбектерде мифтік персонаждардың жиі ұшырасып отыратындығын көреміз. Түркі халықтарының көпшілігінде кездесетін «Көроғлы» дастаны сонымен бірге тәжік халқында да жырланған. Орта Азия арқылы қазаққа енген бұл жырда мифтік персонаждар сақталған. Осы жырдың қазақша нұсқасында басты кейіпкердің дәумен соғысы, перінің қыздарының көмектесуі сияқты сюжеттер ұшырасады, түркі және иран ертегілеріне тән мотивтер қазақ эпосына да кіріккен. Жазба әдебиеттің ауыз әдебиетіне тигізген әсері туралы сөз қозғалады.

Тірек сөздер: Түркі халықтары, қисса, архаикалық эпос, жанр, мифтік персонаж, Шығыс, Батыс, Орта Азия, жыр, фольклор.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Шығыс пен Батыстың жазба әдебиетінің ықпалы негізінде қазақ жазба әдебиеті де қарқынды дами бастады. Сонымен қатар фольклорға да көптеген өзгерістер енді, жазба әдебиеттің ауыз әдебиетіне деген ықпалы күшейді. Фольклордың басқа

жанрлары дамығанымен бұл процесс қаһармандық, архаикалық эпостың өмірін қысқартты десе де болады. Бұл секілді өзгерістер тек түрік халықтарында ғана емес әлем елдерінің көпшілігінде болған процесс. Жазба әдебиетке өтер кезеңдегі аралық фольклор дәуірі басқа халықта да болған. Ш.Ыбыраев оғыздардың эпос жанрын зерттей келе былай дейді: «Как известно, в эпоху письменной фиксации эпоса (предположительно XIV–XVI вв.) условия жизни огузов изменились (полный переход от кочевого образа жизни к оседлому и др.). Процесс развития старого эпоса завершился; его внутренняя структура претерпевает определенное изменение. И это не сводится к влиянию письменной литературы (оно не значительно в тексте). Эпос замкнулся в своей стилевой системе. Сохраняя архаические черты как по языку, так и по содержанию, он как бы исчерпывает свои традиционные возможности, тем самым упрощает свой стиль» [1, 63].

Шығыс әдебиеттің әсерінен қазақ фольклорына ортағасырлық прозалық шығармалар аударылып, ақындар жырға қосып жатты. Әсіресе, «Мың бір түн», «Тотынама», «Бақтиярнама» секілді шығыстық тәмсілдерден ауысқан мифтік персонаждар қазақ жырларына әсер еткендігін де аңғарамыз. Бұл бұрынғы қазақтың жыршылық дәстүріне кері әсер етіп, шығыстық үлгідегі кисса жанрының дамуына жол ашты. Салыстырмалы түрде алып қарағанда өзбек әдебиетінің әсері көбірек тиген көшпелі қарақалпақ халқының эпосынан Орта Азиялық дастандарға тән шытырман оқиғалы сюжеттің көбірек енгендігі байқалады. Мысалы, қазақтың «Қобыланды батыр» атты қаһармандық эпосында мифтік персонаждармен соғысу оншалықты көп орын алмаған. Тіпті жоқ деуге болады, онда батыр елге төнген қауіпті сезініп жауға аттанады, демек эпостың сюжеті нақты сыртқы жаулармен соғысуға, елді жаудан қорғауға құрылған. Ал, қарақалпақтардың «Қобылан» жырында мифтің элементтері жиі кездесіп отырады.

Қазақтың қаһармандық жырына қарағанда қарақалпақтарда сонымен қатар Орта Азия халықтарының эпостарында дәумен, диюмен, айдаһармен соғысу мотиві айрықша орын алады. Жырда реалды оқиғалардан көрі мифологиялық кейіпкерлер көбірек ұшырасып отырады. Ол турасында қарақалпақ ғалымы И.Т.Сагитов та өз монографиясында ертегілік персонаждар жиі ұшарасатындығы жайлы былай дейді: «Судя по идейному содержанию каракалпакских эпических сказаний, реалистическому отражению в них подлинных событий, можно полагать, что сказания создавались в более позднюю эпоху. Мифологические элементы, например образцы дивов Алангасара Алып-дэу («Кобылан»), мифической птицы Бильбиль-гоя («Шарьяр»), старухи-колдуньи («Ер Зиуар») и другие имеют немало черт обыкновенных людей.

Наряду с древнейшими мифологическими мотивами, связанными еще с шаманством, поклонением духам предков, («арухам»), различными жертвоприношениями и другими обрядами, многие мифические элементы появились под влиянием исламской религии (пророки, святые и т.д.), однако они не характеризуют каракалпакский эпос, отличительной чертой которого, подчеркнем еще раз, является реалистичность» [2, 46].

Бұл элементтердің көпшілігі ислам діні арқылы келгендігі туралы ғалым дұрыс көрсеткен. Ислам діні арқылы тек араб әдебиетінің ықпалы ғана кіріп қойған жоқ, сонымен бірге жазба әдебиеті ерте дамыған үнді, парсы мәдениеті де кіріп, өз әсерін түркі халықтарының ауыз әдебиетіне қалдырып отырды. Исламды қазақтан бұрынырақ қабылдаған түркі халықтарының әдебиетіне ислам әдебиетінің әсерімен бірге парсы әдебиетінің де ықпалы мол болды. Соның ішінде ортағасырлық парсы прозасы арқылы енген зороастризм дініндегі персонаждар да келіп, араласып жатты.

Қазақ халқының «Қобыланды батыр» жыры мен қарақалпақтардың «Қобылан» жырының желісі бір-бірінен оншалықты алыс емес. Бірақ қазақ эпосында ертегілік сарындарға орын берілмейді, батыр қызылбас сияқты тарихи нақты кейіпкерлермен соғысады, онда мифологиялық персонаждармен соғысу ұшыраспайды. Ал, қарақалпақ жырында басты кейіпкер өз қалыңдығын алу жолында Алаңғасар Алып дәумен соғысып, оны жеңеді. Қараман атты Құртқаның ағасы ол кезде Қап тауында болады, егер ол елде болса қарындасы Құртқаны Қобланға бермейтіндігі айтылады. Жырда Қоблан ылғи да дәумен соғысып жүреді.

Қарақалпақ жырында қазаққа қарағанда мифтік элементтерінің басым екендігін көреміз. Ақша хан Қобылан батырды өлтіру үшін неше түрлі қитұрғыға барады. Хан мен биі ақылдасып, батырды аштархандық Көбіклі дәуді өлтіруге жұмсайды. Қоблан қасына қырық жігіт алып жолға шығады. Аштархан теңізінен өтпек болғанда теңізге батып кетеді. Қоблан суға батып бара жатқан қырық

нөкерін судан алып шығады, алайда аттарын құтқаруға шамасы келмей қалады. Көмекке Қызыр Илияс баба келіп қырық жігітке ат береді. Қалмақ еліне барғанмен Қобылан Көбіккі дәуді жеңе алмайды. Соғыста Көбіккі Қобланды жеңеді. Шамасы келмейтін болған соң Қоблан астындағы атын әйелі Құртқаның ағасы Қараманға хабар беруге жібереді. Хабар алысымен Қараман келіп Көбіккі дәумен соғысып, оны жеңеді.

Байқағанымыздай қарақалпақ жырының баяндалуы ертегілік сарын алып кеткен. Қиял-ғажайып ертегілердегі қаһарлы хан мен оның залым уәзірінің батырды алыс сапарға жіберу арқылы көзін жою мотиві көрініс табады.

Қарақалпақ жыры қазақ эпосынан сюжеті мен кейіпкерлер атының ұқсастығы жағынан алыс кетпеген. Алайда батырдың ылғи да дәумен соғысы оны тарихи оқиғалардан мүлде алшақтатып жібергендігі көрініс табады. Қазақтың тарихи жырларын былай қойғанда, қаһармандық эпостарында да мұндай ертегілік персонаждар өте сирек ұшырасады. Ал Орта Азия халықтарының батырлық жырларында дәу, дию, айдаһар сияқты ертегілік кейіпкерлер міндетті түрде араласып отырады. Мұның өзі Орта Азия халықтарының фольклорлық шығармаларына шығыстық қисса жанрының әсері болғандығын көрсетеді.

Өзбек халқының дастандарында міндетті түрде пері, дәу немесе айдаһар кездесіп отырады. Батыр соларды жеңіп елге тыныштық орнатады. Қазақ эпосында батыр шынайы батырлармен соғысып жүрсе, өзбектерде мифтік персонаждардың жиі ұшырасып отыратындығын көреміз. Түркі халықтарының көпшілігінде кездесетін «Көрұғлы» дастаны сонымен бірге тәжік халқында да жырланған. Орта Азия арқылы қазаққа енген бұл жырда мифтік персонаждар сақталған. Осы жырдың қазақша нұсқасында басты кейіпкердің дәумен соғысы, перінің қыздарының көмектесуі сияқты сюжеттер ұшырасады, түркі және иран ертегілеріне тән мотивтер қазақ эпосына да кіріккен.

М.Ғұмарова қазақ арасына тараған «Көрұғлы» жырының нұсқалары турасында зерттей келе ол жайында былай деп жазады: «Қазақта «Көрұғлы» эпосында ертегілік сюжеттер де көп кездеседі. (Айдарханов, Жұмағазин нұсқалары), сонымен қатар «Көрұғлы» туралы ертегілер де бар, ертегіде де эпостың негізгі сюжеті сақталады. Ертегідегі Көрұғлы дәу, пері, арыстанмен алысып, ылғи жеңіп отырады, адам баласы жеңе алмаған қырық дәуді өзіне бағындырады. Қырық адам дариядан шығара алмаған жиырма кез балықты да судан шығарады.»[3, 11-12].

Орта Азия халықтарының нұсқаларында Көрұғлы батыр Қап тауына сапар шегеді: Мысалы, өзбек нұсқасында Көрұғлы Қап тауына барып Юнус-періге үйленетін тұсы бар: «Женитьба Гороглы на пери составляет сюжет дастана «Юнус-пери». Молодому хану и богатырю подобает иметь семью. Об этом, по традиции дедов, должен заботиться старший рода. Дядя Гороглы Ахмадбек собирает старцев и просит их подыскать невесту племяннику, но Гороглы объявляет собранию, что намерен жениться на Юнус-пери и собирается ехать за ней в страну Кухи Каф. Описание пути героя полно сказочной фантастики. Гороглы преодолевает бесчисленные препятствия, борется с дэвом, побеждает его и добивается его помощи. Дэв в мгновение ока переносит героя и его коня в Ирам-бог, волшебный сад, где живут пери»[2, 40-41].

Демек Орта Азия халықтарының эпостарына айдаһар, пері, дәу сияқты персонаждардың жиі ұшырасып отыруы бір жағы бұрынғы шаманизм, зороастризм дінінде айтылатын зұлымдық күштердің халық жадына сіңіп қалғандығы, кейін ислам дінін қабылдағанымен бұрынғы ескі діннің жаңғырығы халық әдебиетінде өзгерген түрде қайта көрініс беріп отыратындығын байқауға болады.

Профессор И.Т.Сагитов қарақалпақ эпосына діни элементтердің көп кіргендігі турасында дұрыс болжам жасаған. Жалпы ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының бірі ислам дінін көбірек қабылдаса, енді бірі азырақ қабылдағаны белгілі. Орта Азия мен Әзербайжан, османлы түріктердің эпосында ислам дінімен қатар ислам әдебиетінің әсерінің де көбірек енгендігі байқалады. Жауға шапқан батырды қолдап жүретін сопылық әдебиетте жиі ұшырасатын аруақ-бабалар батырдың жебеп-желеуші рухани тылсым рухтардың арқасында жеңіске жетеді, басына қиыншылық түскенде жанынан табылады, осылайша бұрынғы шамандық рухтар кейінгі ислам дінінің жебеуші күштеріне жол береді.

Қазақтың қаһармандық эпостарында мұсылман әулиелерінің қорғаштап жүретіндігі турасында академик А.Орлов та өз тарапынан атап өтеді: «Держась мусульманской тенденции, былина о

Кобланды в отношении калмыков неблагожелательна. Мало того, что былина подчеркивает мусульманское правоверие своих героев, она заставляет дочь крымского хана мечтать стать мусульманкой. Самый облик калмыка противен»[4, 44].

Қазақтың тарихи жырлары мен батырлық жырларында айдаһармен соғысу мотиві сирек ұшырасады, тіпті ұшыраспайды десе де болады. Олар көбіне архаикалық эпосқа тән дүниелер. Алайда, халық ақындары жырлаған кейбір қаһармандық эпостарда айдаһармен батырдың соғысу мотиві сақталып қалған. Бұл көне жырға жатады. Сондай жырдың қатарына Н.Байғанин жырлаған «Құбығұл» эпосын жатқызуымызға болады. Бұл жырда архаикалық мифтерде айтылатын көне персонаждар жақсы сақталған. Жырдың сюжеті де осы кейіпкерлермен соғысу, елді зұлмат күштерден тазалау жолында күресу идеясына құрылған: «Жырда бұрынғы батырлық эпоста кездесетін миф элементтері де аз емес. Уәлиханның бала тілеп әулие, әмбие қоймай түнеуі, бір әулие бейітінің басында ұйықтап жатқанда қырық шілтен Қайып ерненің ақ шалмалы шал бейнесінде келіп, балалы боласын деп аян беруі, атасының теріс бата бергенінен кейін Ақбілекті айдаһардың жұтуы, бұл жерде де ақ шалмалы Қайып атаның аян беруі, жәрдемдесуімен Құбығұлдың айдаһарды өлтіріп Ақбілекті ажалдан құтқаруы, сонымен бірге Аққұла аттың Құбығұлға адамша сөйлеп ақыл беруі, құсша ұшуы, тіпті Құбығұлдың түсінде Ақбілектің қайта-қайта келіп, мені іздеп тап деп шақыруы – міне осының бәрі де эпостық жырларда өте әріден келе жатқан мотивтер»[5, 60].

«Құбығұл» жыры «Қырымның қырық батыры» атты цикльді жырға кіріккен. Цикльдену кезінде бұрынғы архаикалық эпостарды да жыр өз шеңберіне енгізгендігі байқалады. Бұл жырларда ежелгі шамандық нанымдармен қатар кейінгі ислам дінінің әсері де көрініс береді. Дегенмен бұрынғы тотем-бабалар кейінгі діннің киелі рухтары мен қасиетті бабаларына жол бергендігі байқалады. Тотемдік киелер жырға қарағанда ертегілерде көбірек ұшырасады.

Бұл эпостағы мұсылман кейіпкерлердің көпшілігі Ноғайлы дәуірінде дүниеге келген эпостарға тән дүние болса керек. Оған дейінгі дүниеге келген архаикалық жырларда жебеуші рух ретінде тотемдік киелер ұшырасады. Айталық шамандық дәуірде батырды жебейтін рух ретінде қасқыр бейнесі кездеседі. Мысалы, ұйғыр жазуымен жазылған «Оғызнама» дастанында Оғыз қағанды жебеуші, жорыққа шыққанда алдына түсіп жол бастаушы рух ретінде қасқыр жүреді.

Ашина туралы аңызда да аяқ-қолы кесілген жас баланы тауып алған қасқыр оны бағып өсіреді. Ер жеткен соң соған қосылған қасқырдан ашина тайпасы тарайды. Бұның өзі түркі халықтарының киесі, жебеуші рухы қасқыр болғандығы, оның тотемдік бейне екендігін көрсетеді. Қасқыр культінің бірқатар халықтарда бар екендігі, дегенмен түркі халықтарында қасқыр тотемі болғандығы турасында белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев та атап өтеді. Онда былай дейді: «Тағы бір аңыз: Рум ертегілерінде Ромул мен Реманы қаншық қасқыр, Рүстемді жолбарыс емізіп, самұрық құс асырайды. Бұл аңыз түркі тайпаларында хұнн (Модэ) заманынан бар. Модэ (Мәди) өзінің екі қызына даладан орда салып, олар қасқырмен будандасады. Содан шин (ашина) түріктері тараған екен дейтін аңыз бар. Енді бірде суға тастаған баланы Бөрте-шине (қасқыр) асырап, ашина елі содан тарапты делінеді. Бомын қаған әскерлерінің туындағы белгі – қасқыр суреті болған. «Оғызнамада» Оғызхан әскерін көк бөрі басқарып отыратын болған. Шин – бөрі, содан Шона, Шора, Гүлбаршын, үйсін, байсын, үлешкин сөздері шығады. Мұндағы қасқыр - тотем»[6, 234].

Ислам діні кірген соң осы қасқыр бейнесін Қыдыр ата, Баба түкті шашты Әзиз, ғайып Ерэн, қырық Шілтен сияқты мұсылман дүниесінен ауысқан киелердің орын ауыстырғандығы байқалады. Бұл киелер ислам дінін қабылдаған түркі халықтарының эпосына тән нәрселер. Ислам діні арқылы түркі халықтарының эпостарынан орын алған рухани киелер жайында белгілі шығыстанушы-ғалым Х.Короглы мынадай жәйттерді баяндайды: «Под влиянием мусульманства видоизменился еще один мотив, широко распространенный в фольклоре тюркоязычных народов Востока и условно названный мотивом небесного вестника. В уйгурской «Огузнаме» таковым выступает «сивовласый, сивогривый большой волк». В «Героглы» и других дастанах эту роль выполняет праведный халиф Али с эравами (святыми) или же Хыдыр Ильяс (Хызр); бывает, что этих заступников-вестников заменяют чилтаны (сорок праведников-покровителей). Широко популярный образ всадника в зеленом плаще (Хызр), возникший безусловно в исламский период, по своей эпической функции напоминает древнетюркских «божьих стремянных на белых конях с серебряными жезлами, указывающих путь герою» (см. «Олонгхо», «Эр Соготох»). Очевидно, с

образом «вестника» - Черного ворона – древнетюркских сказаний («Олонгхо», «Эр Соготох» и др.) связан и образ журавлей огузского фольклора, к которым очень часто обращаются на чужбине герои дастанов и просят их передать весть родным соплеменникам»[7, 42].

Түркі халықтарының фольклорына көпшілік жағдайда басқа халықтардың жазба әдебиетінің әсері басымырақ болған. Мысалы, Үндістан, Иран, Арабстанда дүниеге келген көне кітаптар уақыт өте келе түркі халықтары арасына да тарайды. Кітаптағы оқиғаның сюжеті фольклорға енген соң ол ауыздан ауызға тарайтындықтан қосымша эпизоттар жамалып отыратындығы табиғи құбылыс. Осылайша сюжет даму барысында бастапқы формасынан ұлғайып, ел қажетіне қарай өзгерістерге ұшырай бастайды. Фольклордың өз заңдылығына қарай икемделеді.

Өзбек фольклорында орын алған Шығыс әдебиетінің әсері турасында өзбек ғалымы Г.А.Джалалов былай дейді: «Фольклорные произведения, в том числе и инонациональные, воздействовали на произведения письменной литературы народов Востока; отмечено и обратное влияние. Исследования показывают, что на узбекский фольклор, в частности на жанр сказки, сильное влияние оказало устное народное творчество древней Индии, Ирана, Египта и Азербайджана. Однако это влияние не было прямым, непосредственным. Сюжеты, перешедшие к нам из государств Востока, обычно шли с фольклорными мотивами, сохранившимися в образцах письменной литературы, а также, как отмечалось выше, с народными книгами «Двадцать пять рассказов Веталы», «Тысяча и одна ночь», «Калила и Димна», «Тутинома».

Вопрос о роли и месте народных книг Востока в фольклоре – один из самых интересных и необходимых в процессе углубленного рассмотрения исследуемых нами проблем[8, 84-85].

«Мың бір түн» атты ертегілер араб әдебиетінде ислам әдебиеті дәуірінде пайда болған, кейін әлем халықтарына өте кең тараған. Осы ертегілердің дүниеге келуіне шығарма сюжеттеріне көп жағдайда үнді мен парсы әдебиетінің әсері қатты болғандығы бүгінде дәлелденіп отыр. Ислам діні Иран жұртшылығына келгенге дейін, осыған ұқсас шығарма сасандық парсыларда да болған. Олар бұрынғы зороастризм дінінің әсерінде дүниеге келген фольклорлық негізде қағазға түскен, өңделген әдеби шығармалар әсіресе Сасанидтер үстемдік құрған кезеңде дүниеге келген болатын. Ол шығармалардың біразы кейін араб тіліне аударылу арқылы бүгінгі күнге жетіп отыр. Иранның мол әдеби жәдігерлерін кейін арабтың оқымысты көзі ашық адамдары өз тіліне аударып отырған.

Араб тіліне аударылған шығармалардың біразы, сол кездегі ұқыптылықтың арқасында бүгінгі күнге жетіп отыр. Ол жайында Иранның Қазақстандағы Мәдени орталығы шығарған оқу құралдарында былай деп жазады: «Ортағасырлардағы кейбір қолжазбалар Сасанидтер дәуірінен қазіргі кезге жетіп отыр, оның өзінде бүгінгі күнге сол еңбектердің тек бір бөлігі әдеби жәдігерлерден аударылып қалғаны ғана. Сондай-ақ басқа да әртүрлі шығармалар ортағасырлық дәуірлерде пайда болған, соларды исламдық жазушылар өз жазбаларында атын атайды және олардың кейбірін араб тіліне аударған. Сол орта ғасырлық жазбалар ішіндегі маңыздылардың бірі «Хұдайнама» деп аталады және ол шығармалар Сасанидтердің ақырғы кезеңінде дүниеге келді, оны ислам дәуірінің алғашқы ғасырларында араб тіліне бірнеше рет аударылды. Солардың ішінде 142 хижра жылында (763 жылы) сәтті аударғаны әрі кеңінен танымал болғаны Ибн Мукафа аудармасы болатын. Осылайша Хұдайнаманың көшірмесі мен арабша аудармасы ортамызға қайта оралды және оның ол кітаптың әсері ислам дәуірі әдебиетіне де ықпал етті...

Сол әдебиет негізінде дастандар, одан бөлек баһадүрлер туралы аңыздар мен яшттардағы («Авестадағы») тарихи аңыздар, «Хұдайнама» мен бастан кешкен әңгімелер де келіп жетті. «Мың ертегі» («Хезар афсане») сияқты кітаптар «Мың бір түн» кітабының қайнар көзі болды, сондай-ақ, «Хұсрау-Шырын», «Жеті ару» сияқты исламға дейін пайда болған дастандар қайта жырланды, бұрынғы әдеби жәдігерлер қайта түледі»[9, 4-5].

Шындығында ортағасырлық парсы шығармалары өзінің көркемдігімен арабтарды қызықтырса, сол кезде мәдениеті жақсы дамыған парсы әдебиетінің әсері өзге араб, түркі халықтарының фольклоры мен әдебиетіне белгілі дәрежеде өз ықпалын тигізгендігін көреміз. Қазіргі кезде ислам діні негізінде кірген деп жүрген кейбір персонаждардың бірқатары шындығында исламға дейін-ақ түркі фольклорына келіп орныққандығын көруімізге болады. Әрине, ол персонаждар араб, парсы, түркі халықтарының фольклорында жиі кездесетін персонаждар екендігі белгілі.

Түркі фольклорына кірген сюжеттің бірі – Хызыр, (Қыдыр-Илияс). Бұл түркілердің эпостары мен ертегілеріне мұсылман мәдениетінен де бұрынырақ шығыстық фольклорының ықпалы

негізінде кіргендігі байқалады, ол таза ислам әдебиетінің кейіпкері емес. Ол турасында қасиетті Құран Кәрімде де айтылмайды. Демек бұл кейіпкер Шығыс халықтарының фольклорында ислам дәуіріне дейін де кеңінен таралған, ескі кітаптар мен фольклорда айтылатын, кеңінен тараған кейіпкер болғандығы аңғарылады. Ол нақты қай елдің әдебиетінде пайда болғандығы да қазіргі кезеңде анық емес. Бір ғана анық нәрсе бұл кейіпкер түркі фольклорына мұсылмандықты қабылдағанның алдында, Шығыста пайда болған монотеистік діндер негізінде туған алғашқы діни әдебиеттердің әсері негізінде пайда болып, оның сюжеттері мен мотивтері кейінірек өзге халықтардың фольклорына көптеп кіре бастаған кезде орныққан болуы мүмкін.

Жебеуші кие ретінде тек қана орнығып қоймай, түркі халықтары фольклорында өзіне дейін орын алып келген басты кейіпкерді қорғап, қорғаштап келген тотем бабаларды ығыстырып шыққандығы көрініс табады. Ол өзіне дейінгі қасқыр, алып қарақұс, бұғы ана, Ұмай ана сияқты тотемдер орнына ендігі жерде Хызыр баба қолдана бастайды. Ойымыз дәлелді болу үшін жоғарыда аталған ғалым Г.А.Джалаловтың мына тұжырымына құлақ түрелік: «Итак, образ Хызыра появился в сказках задолго до распространения мусульманской религии на территории Средней Азии. Однако с возникновением ислама образ Хызыра в известной степени меняется. Он предстает уже иногда в качестве проповедника мусульманской религии, поскольку ее служители стремились сохранить определенные бытующие в народе взгляды и обычаи для использования в своих целях. Этот процесс приспособления образа подтверждается этнографическими материалами и фольклорными источниками. Вместе с тем основная его трактовка не изменилась. Согласно легендам, Хызыр возникает перед людьми в облике нищего, безумного странника, светлого старца, всегда готового выслушать просьбу страждущего и великодушно подарить ему богатство и счастье. В сказках Хызыр является бескорыстным помощником героя. Так, в сказке «Гулпари» шахзаде Акбар достигает желаемого, следуя советам и наставлениям Хызыра; Кенже-батыр, брошенный братьями в беде, встречается с Хызыром, которые ему помогает»[8, 140-141].

Ислам дінін қабылдамаған түркі халықтарының фольклорында айдаһар, дию, Хызыр, Ғайып ерен, қырық Шілтен сияқты кейіпкерлер ұшыраспайды. Батыр жолға шыққанда оған көмекке келетін, дәрменсіз күйге түскенде оны тығырықтан алып шығатын кейіпкерлердің көбі байырғы түркі мифінде ұшырасатын кейіпкерлер немесе тотем бабалар суреттеледі. Оған көбіне дем беретін, алдындағысын болжап, қауіп-қатерді ескертіп отыратын кейіпкер көбіне батырдың астындағы аты. Ол батырға айнымас жолдас, ең сенімді серік ретінде алынады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ибраев Ш. Поэтика огузского героического эпоса. Алматы: Гылым, 1997. – 128 стр.
- [2] Сағитов И.Т. Каракалпакский героический эпос. Изд-во АН УзССР. Ташкент – 1962.-109стр.
- [3] Көрұғлы. (Көрұғлы және оның ұрпақтары туралы дастандар). Жинақты баспаға даярлаған Мәлике Ғұмарова (Ред. Мүшелері: М.Ғабдуллин, М.Ғұмарова, О.Нұрмағамбетова, С.Сейітов, Ә.Шәріпов жау.ред.) «Жазушы» баспасы, Алматы – 1973 жыл.
- [4] Академик А.С.Орлов. Казахский героический эпос. Изд-во Академии наук СССР. Москва 1945, Ленинград.
- [5] Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші кітап. Совет дәуірі. Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.к. М.Қаратаев. ҚазССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы – 1964ж.
- [6] Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987.- 368 бет.
- [7] Х.Короғлы. Огузский героический эпос. Изд-во «Наука». Главная редакция восточной литературы. Москва,- 1976г.- 240 стр.
- [8] Г.А.Джалалов. Узбекский народный сказочный эпос. Ташкент, Изд-во «Фан» Узбекский ССР, 1980. – 272с.
- [9] Тарих-е адабият-е фарси (Парсы әдебиетінің тарихы). Парсы тілін үйренуші студенттерге арналған оқу құралы. Қазақстандағы Иран Ислам Республикасының Мәдениет орталығы шығарған. 3-кітап. 1376 хижра қамари. (1997ж.).

REFERENCES

- [1] Ibraev SH. Poetika oguzskogo geroicheskogo ehposa. Almaty: Gylym, 1997. 128 str.
- [2] Sagitov I.T. Karakalpakskij geroicheskij ehpos. Izd-vo AN UzSSR. Tashkent. 1962. 109str.
- [3] Kөрұғлы. (Kөрұғлы zhәне оның ұрпақтары туралы dastandar). ZHinakty baspara dayarlaran Mәliке Ғұмарова (Red. Mysheleri: M.Ғabdullin, M.Ғұmarova, O.Nұрмағambetova, S.Sejitov, Ә.SHәripov zhau.red.) «ZHazushy» baspasy, Almaty, 1973.
- [4] Akademik A.S.Orlov. Kazahskij geroicheskij ehpos. Izd-vo Akademii nauk SSSR. Moskva, 1945, Leningrad.

[5] Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Екінші кітап. Совет дәуірі. ЗHалпы редакциясын басқарған Ғ.Ғ.к. М.Қаратаев. ҚазССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы, 1964.

[6] Қоңұратбаев Ә. Қазақ епосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 368 бет.

[7] Н.Короглы. Огузский героический эпос. Изд-во «Наука». Главная редакция восточной литературы. Москва, 1976. 240 стр.

[8] G.A.Dzhalalov. Uzbekskij narodnyj skazochnyj ehpos. Tashkent, Izd-vo «Fan» Uzbekskij SSR, 1980. 272s.

[9] Тарих-е адабият-е фарси (Парсы әдебиетінің тарихы). Парсы тілін үйренуші студенттерге арналған оқу құралы. Қазақстандағы Иран Ислам Республикасының Мәдениет орталығы шығарған. 3-кітап. 1376 hizhra қамари. (1997)

УДК 82-1/-9

Б.С. Абжет¹, М.Б. Шайхыстамова²

¹к.ф.н., доцент, ВНС НИИ Туркологии;

²PhD докторант, МНС НИИ Туркологии,

Международный казахско-турецкий университет им.Х.А. Ясави

РАЗВИТИЕ ЖАНРА САГИ В ТЮРКСКОМ НАРОДЕ И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ЖАНР АРХАИЧЕСКОГО ЭПОСА

Аннотация. Описывается быстроразвивающийся и в свое время широко распространившийся героический жанр древнетюркского народа, который в последнее время, перейдя на жанр Восточной саги, замедлил свое развитие. Речь идет о влиянии развитой арабской и персидской литературы на тюркские народы, адаптированных к оседлому образу жизни. Например, в сказаниях узбекского народа обязательно встречаются легенды о феях, великанах или драконах. Герои-богатыри побеждают их и восстанавливают мир в государстве. Можно также заметить, что в казахском эпосе богатыри сражаются с реальными батырами, а у узбеков они сражаются с мифическими персонажами. Часто встречающееся среди тюркских народов сказание о «Корулы» также имеет свое происхождение и в таджикском народе. Пришедшая к казахам через Центральную Азию, эта поэзия сохранила мифические персонажи. В казахской версии этого сказания такие сюжеты, как борьба главного героя с великаном, помощь фей очень схожи, то есть возникают мотивы, соответствующие турецким и иранским сказкам. Приводятся данные о влиянии рукописной литературы на устную.

Ключевые слова: тюркские народы, сага, архаический эпос, жанр, мифический персонаж, Восток, Запад, Центральная Азия, поэма, фольклор.